

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округінің Еркіншілік ауылында көшелерді қайта атау туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 14 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қаңтарда № 6291 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2017 жылғы 24 қазандағы қорытындысы негізінде Еркіншілік ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округінің Еркіншілік ауылында көшелер қайта аталсын:

- 1) Карл Маркс көшесі Атақоныс көшесіне;
- 2) Мир көшесі Достық көшесіне;
- 3) Молодежная көшесі Желтоқсан көшесіне;
- 4) Набережная көшесі Ынтымақ көшесіне;
- 5) Нефтебаза көшесі Ұлы дала көшесіне;
- 6) Новая көшесі Армандастар көшесіне;
- 7) Целинная көшесі Сарыжайлау көшесіне;
- 8) Южная көшесі Береке көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Еркіншілік ауылдық округінің әкімі

Ж.Амангелдінов